




Жер ресурстарын басқару

8 дәріс

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ



География ғылымдарының кандидаты, профессор А.А. Токбергенова



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

Дәрістің мақсаты:

Қазақстан Республикасындағы жер ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғауды қамтамасыз етуде мемлекеттік бақылаудың мәнін, міндеттерін, түрлерін және ұйымдастырылу жүйесін түсіндіру.

ТАҚЫРЫПТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Тақырыптың өзектілігі қазіргі таңда ерекше назарда. Себебі Қазақстан жер қорының едәуір бөлігі эрозияға, шөлденуге, топырақтың тұздануына және ластануға ұшыраған. Ресми деректер бойынша, республика аумағының шамамен **75 миллион** гектары әртүрлі дәрежеде тозған, ал оның **20 миллионы** өнімсіздік шегіне жеткен.

Дәрісте қарастырылатын сұрақтар:



1. Жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылаудың мазмұны мен маңызы.
2. Мемлекеттік бақылаудың мақсаттары, міндеттері.
3. Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар мен олардың құзыреттері.
4. Мемлекеттік, ведомстволық және қоғамдық бақылау түрлерінің ерекшеліктері.
5. Жер ресурстарын пайдалану мен қорғау бағытындағы бақылаудың негізгі нысандары мен әдістері.
6. Жер заңнамасын бұзушылықтарды анықтау және оларды жою шаралары.
7. Мемлекеттік бақылау нәтижелерін талдау және олардың жер ресурстарын ұтымды пайдалануға әсері.
8. Жерді қорғау мен пайдаланудағы заманауи цифрлық технологиялар мен мониторинг жүйелерінің рөлі.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ

Мемлекеттік бақылау – жер қатынастары саласындағы заңнаманың орындалуын, жердің нысаналы және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған басқару функциясы.


Жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар мыналар:



Қазақстан Экология және табиғи ресурстар министрлігі;



Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті;



Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган;



Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, су ресурстарын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті орган;



Жер қойнауын пайдалану және қорғау саласындағы уәкілетті орган болып табылады.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУЫ

Қазақстан Республикасында жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау — жер заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуге, жердің ұтымды пайдаланылуын бақылауға және жер қорының экологиялық қауіпсіздігін сақтауға бағытталған маңызды мемлекеттік функция болып табылады.

2014 жылға
дейін

Жер ресурстарын басқару және бақылау функцияларын Жер ресурстарын басқару агенттігі мен оның облыстық департаменттері жүзеге асырды. Бұл кезеңде жерді пайдалану мен қорғау мәселелері орталықтандырылған түрде қадағаланды.

2014-2021
жылдар

2014 жылы Қазақстан Үкіметінің шешімімен Жер ресурстарын басқару агенттігі таратылып, оның бақылау функциялары жергілікті атқарушы органдарға (әкімдіктерге) берілді. Осы өзгерістен кейін облыстық және аудандық деңгейдегі бөлімдер жер инспекциясының рөлін атқарды.


2022
жылдан
бастап

2021 жылғы **«Жер қатынастарын дамыту туралы» Заң** негізінде жерді пайдалану мен қорғауды бақылау функциялары **Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы Жер ресурстарын басқару комитетіне** қайта берілді. Бұл комитеттің құрамында Республикалық және аумақтық жер инспекциялары құрылды.

Мемлекеттік бақылаудың негізгі міндеттері



Мемлекеттік бақылаудың басты мақсаты — жерді заңды, ұтымды және экологиялық тұрғыдан қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз ету. Ол келесі міндеттерді қамтиды:



Жер заңнамасының сақталуын бақылау

Жерді пайдалану мен қорғауға қатысты заңдардың, нормалар мен ережелердің орындалуын тексеру.




Жердің мақсатты пайдаланылуын қадағалау

Мақсатсыз немесе иесіз қалған жерлерді анықтап, мемлекет меншігіне қайтару шараларын жүргізу.




Құқық бұзушылықтардың алдын алу және жауапкершілікке тарту

Жер заңнамасын бұзу жағдайларын анықтау, актілер мен нұсқамалар шығару. Әкімшілік айыппұл салу немесе жерді пайдалану құқығын тоқтату жөнінде шешім қабылдау.



ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасында жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау нақты заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілермен реттеледі.



Қазақстан Республикасының Жер кодексі

Жер кодексі – еліміздегі жер қатынастарының негізгі заңнамалық құжаты. Ол жерді иелену, пайдалану және қорғау тәртібін, жерге меншік нысандарын, жер пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің №235 қаулысы (1997 ж. 25 ақпан)

Бұл құжатта бақылау мақсаттары мен тәртібі, жер инспекторларының өкілеттігі, жер заңнамасын бұзған жағдайда қолданылатын шаралар айқындалған.

2021

2022

2022

2023

2024

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң (2021 ж. 30 маусым, №62-VII)

Бұрын жерді пайдалану мен қорғауды бақылау жергілікті атқарушы органдардың құзырында болса, 2021 жылдан бастап ол Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Жер ресурстарын басқару комитетіне және оның аумақтық бөлімшелеріне берілді.

Қосымша нормативтік актілер

«Жер кадастры туралы» ереже – жердің есебін, мониторингін және құжаттандыру тәртібін анықтайды; «Мемлекеттік экологиялық бақылау туралы» заң (2011 ж.) – жерді қорғау мен экологиялық қауіпсіздік шараларын қамтиды;


Жер ресурстарының жағдайы және статистика

Қазақстан Республикасы — аумағы 272,5 миллион гектарды құрайтын әлемдегі ең үлкен жер қоры бар мемлекеттердің бірі. Жер ресурстары елдің табиғи байлығының маңызды бөлігі болып табылады және ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы, өнеркәсіп, экология және инфрақұрылымдық даму салаларында шешуші рөл атқарады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (ЕҚТА)


7 жылда шамамен 45 %-ға өскен.

Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) жалпы ауданы



Суармалы және пайдаланылмайтын жерлер

Қазақстандағы суармалы жерлердің көлемінің өсу динамикасы



ЖЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕН ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КЕЗІНДЕ ЖҮРГІЗІЛГЕН ТЕКСЕРУЛЕР НӘТИЖЕСІ



1 – жердің есебіне сәйкес 2024 жылы республика бойынша жер заңнамасын сақтау мәніне жалпы ауданы 2 970,6 мың га жер қатынастары субъектілеріне қатысты 5025 тексеру жүргізілді.

Жүргізілген тексерулер барысында 2465,7 мың га алаңда 4 115 бұзушылық анықталды, олар үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – ҚР ӘҚБТК) сәйкес жауапкершілік көзделген.



Құқық бұзушыларға қатысты 3914 әкімшілік іс қозғалды, 2627 жағдайда жер заңнамасын бұзушыларға жалпы сомасы 493,4 млн теңгеге айыппұл түріндегі әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылды, 1261 жағдайда ескерту түрінде, 28 жағдайда жасалған құқық бұзушылықтардың шамалы болуына байланысты іс жүргізу тоқтатылды.



БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН НӘТИЖЕЛЕРІ

жерге мемлекеттік меншік құқығын бұзу (ҚР ӘҚБтК 136-бабы) - 1589;
арнайы белгілерді жою (ҚР ӘҚБтК 138-бабы) - 3;
жердің бүлінуі (ҚР ӘҚБтК 337-бабы) - 18;
ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау (ҚР ӘҚБтК 338-бабы) - 1607;
жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін пайдалану жөніндегі міндеттерін орындамауы (ҚР ӘҚБтК 339-бабы) - 399;
уақытша иеленетін жерлерді мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды күйге келтіру жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚР ӘҚБтК 138 – бабы) - 0.

Анықталған бұзушылықтарды талдау көрсеткендей, бұзушылықтардың 39%-ы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалануға немесе пайдаланбауға тиесілі, олардың басым бөлігі Ақтөбе облысында анықталған - 220 бұзушылық немесе жалпы санының 14% анықталған бұзушылықтар.

Салынған айыппұлдардың жалпы сомасынан 493,4 млн теңге-404,0 млн теңге ерікті түрде өндірілді. Республика бойынша айыппұлдарды өндіріп алу көрсеткіші 82% - құрады.

Тексерулердің ең көп санын Маңғыстау облысының департаменті - 607, ең азын Ұлытау облысының департаменті-80 жүргізді. 2023 жылы республика бойынша аумақтық департаменттермен жер қатынастары субъектілеріне жер заңнамасын сақтау тұрғысынан 4524 тексеру жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша жер заңнамасын 3083 бұзушылық анықталды (68,1 %).

Негізгі мәселелер мен тәуекелдер

1

ЖЕРДІ МАҚСАТСЫЗ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТЫҢ ДЕГРАДАЦИЯСЫ

Жерді мақсатсыз пайдалану — ең өзекті мәселе. 2022 жылғы ресми дерекке сәйкес, 1,8 млн гектар жер пайдаланылмай жатқаны анықталып, оның 1,2 млн гектары мемлекетке қайтарылған.

2

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ЖЕРДІ ТИІМСІЗ БӨЛУ

Жер қатынастары саласындағы заң бұзушылықтар саны жыл сайын артып отыр.

2022 жылы мемлекеттік инспекциялар 5 мыңнан астам заң бұзушылық фактісін тіркеген.

3

АҚПАРАТТЫҢ АШЫҚ ЕМЕСТІГІ ЖӘНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖЕТІЛМЕУІ

Жер кадастры мен мониторинг деректерінің ашық қолжетімділігі төмен. Жер мониторингі көбіне қағаз есеп түрінде жүргізіледі, спутниктік немесе геоақпараттық жүйелер толық деңгейде енгізілмеген.



Бақылау шаралары және оң өзгерістер




БАҚЫЛАУ ШАРАЛАРЫ ЖӘНЕ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасында жер ресурстарын пайдалану мен қорғау саласында мемлекеттік бақылау жүйесін жетілдіру бағытында елеулі **реформалар мен оң өзгерістер** жүзеге асырылды. Бұл өзгерістердің басты мақсаты — жерді ұтымды пайдалану, заң бұзушылықтардың алдын алу және жердің экологиялық жағдайын жақсарту.




БАҚЫЛАУДЫҢ ВЕРТИКАЛЬ ҚҰРЫЛЫМЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

2021 жылы қабылданған «Жер қатынастарын дамыту мәселелері туралы» Заң негізінде жер ресурстарын пайдалану мен қорғауды бақылау функциялары қайтадан орталықтандырылды. Енді бұл бақылау тікелей Ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Жер ресурстарын басқару комитетіне және оның аумақтық инспекцияларына берілді.



Бақылау шаралары және оң өзгерістер




Бас мемлекеттік жер инспекторы институтының енгізілуі

2021 жылдан бастап Қазақстанда Бас мемлекеттік жер инспекторы лауазымы бекітілді. Бұл қызметті Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары деңгейіндегі тұлға атқарады және ол ел аумағында жер заңнамасының сақталуын үйлестіреді.

Қорғалатын табиғи аумақтарды ұлғайту және экологиялық тепе-теңдік орнату

Соңғы жылдары Қазақстанда экологиялық саясат күшейтіліп, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың (ЕҚТА) көлемі айтарлықтай артты. Егер 2016 жылы олардың ауданы 5 475,8 мың гектар болса, 2023 жылға қарай бұл көрсеткіш 7 961,1 мың гектарға жетті. 2025 жылға қарай ЕҚТА үлесін ел аумағының 10 %-ына дейін жеткізу жоспарланып отыр.



Жер кадастры мен мониторинг жүйелерінің жаңартылуы

2020 жылдан бастап Қазақстанда жер кадастрын цифрландыру және жаңа геоақпараттық мониторинг жүйесін енгізу қолға алынды. «Цифрлық жер кадастры» жобасы аясында барлық жер учаскелерінің шекаралары мен құқықтық деректері электрондық базаға енгізілуде.

Заңнамалық және институционалдық оң өзгерістер

2021 жылдан бастап жер заңнамасына бірқатар маңызды түзетулер енгізілді. Шетел азаматтарына ауыл шаруашылығы жерлерін иеленуге түбегейлі тыйым салынды; Жер заңнамасын бұзғандарға қолданылатын әкімшілік айыппұл мөлшері 1,5–2 есе артты;

ҰСЫНЫСТАР МЕН ПРАКТИКАҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОЛДАР



Қазақстан Республикасында жер ресурстарын тиімді пайдалану және қорғау мәселелері мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып табылады.

Дегенмен, жердің деградациясы, шөлдену, топырақтың

құнарсыздануы және заң бұзушылықтар әлі де өзекті.

Осыған байланысты жер қатынастары саласында тиімді реформалар мен нақты тәжірибелік шараларды іске асыру қажет.



Жер ресурстарын пайдалану мен қорғауда тұрақты даму қағидатын енгізу

Тұрақты даму (Sustainable Development) қағидаты – экономикалық пайда мен экологиялық қауіпсіздіктің тепе-теңдігін сақтау.

- Бұл үшін:
 - ауыл шаруашылығында экологиялық таза технологияларды қолдану;
 - органикалық егіншілікті дамыту;



Топырақтың құнарлылығын жақсарту, шөлдену мен эрозияны тежеу

Қазақстан аумағының шамамен 75 млн гектары деградацияға ұшыраған, оның ішінде 20 млн гектар — шөлдену шегінде. «Жасыл Қазақстан» және «Жайылымдарды қалпына келтіру» ұлттық жобаларының тиімділігін арттыру шараларын жүргізу




Цифрлық мониторинг пен геоақпараттық жүйелерді дамыту

Жер ресурстарын басқаруда цифрлық технологияларды кеңінен қолдану қажет. спутниктік бақылау арқылы жердің нақты пайдаланылуын қадағалау.



Қорытынды



Жер Қазақстанның ең басты ұлттық байлығы әрі елдің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық дамуының негізі. Оны тиімді пайдалану мен қорғау мемлекет тұрақтылығының, азық-түлік қауіпсіздігінің және табиғи тепе-теңдіктің басты шарты. Жер ресурстарын тиімді пайдалану мен қорғауды қамтамасыз ететін тұрақты және ашық бақылау жүйесі Қазақстанның табиғи байлығын ұқыпты басқаруға, экологиялық қауіпсіздік пен экономикалық өркендеуге апаратын басты жол. Бұл бағытта қабылданып жатқан реформалар мен жаңғырту шаралары еліміздің жасыл экономикаға көшуіне және келешек ұрпақ үшін жер байлығын сақтап қалуға зор мүмкіндік береді.

Бақылау сұрақтары

1. Мемлекеттік бақылаудың негізгі мақсаттары мен міндеттерін атаңыз.
2. Қазақстан Республикасында жер қатынастары саласындағы бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органдар ?
3. Жер ресурстарын пайдалануда қандай негізгі заңнамалық актілер қолданылады?
4. Жерді мақсатсыз пайдалану дегеніміз не және ол үшін қандай жауапкершілік көзделген?
5. Жер заңнамасын бұзу фактілері анықталған кезде қандай шаралар қолданылады?
6. Мемлекеттік бақылаудың экологиялық және экономикалық тұрақтылыққа әсері қандай?
7. Жер ресурстарын қорғау мен ұтымды пайдалануда заманауи технологиялардың (ГИС, мониторинг жүйелері, цифрлық кадастр) рөлі қандай?
8. Қазақстанда жер қатынастары саласындағы реформалар мемлекеттік бақылау жүйесіне қалай әсер етті?
9. Жер ресурстарын қорғауды күшейту үшін қандай ұсыныстар беруге болады?

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жер ресурстарын басқару: оқу құралы / Е. Қ. Есімов, А. Х. Оңғарова, Ғ. Л. Ахилбеков, Г. Ж. Сандыбаева, М. С. Жұматаева. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚУ, 2022. – 117 бет.

2. Жер кодексі (Қазақстан Республикасының) – заң актісі.

3. **Қазақстандағы жер ресурстарын мемлекеттік басқару: ғылыми-тәжірибелік материалдар** – Халықаралық конференция, 28 ақпан-1 наурыз 2013 ж. – 180 бет.

4. **Қоршаған ортаның жай-күйі және табиғатты пайдалану туралы баяндама, 2023** – «Жер ресурстарын басқару комитетінің» деректері.